7	«Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі	Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіптік деңгейде дайындауда бұл пәннің рөлі мен маңызы өте зор. Ол студенттердің пән бойынша теориялық білімді, практикалық білігі мен дағдысын меңгеруін, оны кәсіби іс-әрекетінде пайдалануды қарастырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Көркем еңбекке баулуды» оқыту	«Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі - педагогика ғылымының саласы. «Көркем еңбекті» оқытудың теориялық негіздері. Материалдарды	2	4	жалпы психология, педагогикалық психология, жас ерекшелік психологиясы, педагогика, тәрбие теориясы, дидактика.	бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен технологиясы, бастауыш мектепте еңбекке баулуды оқыту әдістемесінің тарихы.	<p>Күтілетін нәтижелер: - «көркем еңбектің» мәні мен мақсатын; «көркем еңбекті» оқыту мазмұны мен жүйесін; «көркем еңбекті» оқулығы мен оқу кешенінің мазмұнын; техникалық еңбекке баулу технологиясын; көркем еңбекке баулу технологиясын; бейнелеу өнерінің негіздерін,</p>

		<p>теориясы мен әдістемесінен жүйелі білім беру, сабақ жүргізуге кәсіби даярлау.</p>	<p>қолмен өңдеу және бұйым жасау техникасы.</p> <p>Халықтық сәнді-қолданбалы өнер. Бейнелеу өнері негіздері. Сурет салу бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>Мүсіндеу бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>Жапсырмалау бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>Құрастыру бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>Бастауыш сыныптардағы көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру әдістемесі.</p>				<p>құралдарын; дизайн негіздерін оқыту технологиясын; жұмыста пайдаланатын материалдардың қасиетін; сабақта қолданылатын еңбек құралдары мен материалдарға қауіпсіздік техникасы мен санитарлы – гигиеналық талаптарды білуі тиіс;</p> <p>«көркем еңбекті» оқыту әдіс-тәсілдерін; бастауыш сыныпта «көркем еңбекті» оқытуды жоспарлауды және күнтізбелік жоспар жасауды; сабақ беруді; түрлі материалдармен және еңбек құралдарымен жұмыс жасауды; сабақта қолданылатын көрнекіліктерді жасауды; оқулықтарды талдауды, пікір айтуды меңгеруі керек.</p> <p>Құзыреттіліктер: - оқу-тәрбие үдерісін <i>модельдей алады</i> және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға <i>дайын</i>;</p> <p>- балалардың әралуан әрекет түрлерін <i>ұйымдастыруға дайын</i>;</p> <p>- білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін <i>меңгерген</i>;</p> <p>- кіші мектеп жасындағы</p>
--	--	--	--	--	--	--	---

			«Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптан тыс сабақтарда оқушылар әрекетін ұйымдастыру әдістемесі.					оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды камтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.
Бастауыш мектепте еңбекке баулудың теориясы мен технологиясы	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Еңбекке баулуды» оқытудың теориясы мен технологиясынан жүйелі білім беру, сабақ жүргізуге кәсіби даярлау болып табылады.	«Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі - педагогика ғылымының саласы. «Көркем еңбекті» оқытудың теориялық негіздері. Материалдарды қолмен өңдеу және бұйым жасау техникасы. Халықтық сәнді-қолданбалы өнер. Бейнелеу өнері негіздері. Сурет салу бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі. Мүсіндеу бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.	2	4	Жалпы психология, жас ерекшелік және педагогикалық психология, педагогика, физиология, технология	Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен технологиясы, бастауыш мектепте бейнелеу өнері мен еңбекке баулуды оқыту әдістемесінің тарихы, педагогика тарихы	Күтілетін нәтижелер: еңбекке баулудың мәні мен мақсатын; еңбекке баулуды оқыту мазмұны мен жүйесін; «еңбекке баулу» оқулығы мен оқу кешенінің мазмұнын; техникалық еңбекке баулу технологиясын; көркем еңбекке баулу технологиясын; тұрмыстық еңбекке баулу технологиясын; дизайн негіздерін оқыту технологиясын; жұмыста пайдаланатын материалдардың қасиетін; сабақта қолданылатын еңбек құралдары мен материалдарға қауіпсіздік техникасы мен санитарлы-гигиеналық талаптарды білуі тиіс; Еңбекке баулуды оқыту әдіс-тәсілдерін; бастауыш сыныпта еңбекке баулуды оқытуды жоспарлауды және күнтізбелік жоспар жасауды; сабақ беруді; түрлі материалдармен және еңбек құралдарымен жұмыс	

			<p>Жапсырмалау бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>Құрастыру бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі.</p> <p>Бастауыш сыныптардағы көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру әдістемесі.</p> <p>«Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптан тыс сабақтарда оқушылар әрекетін ұйымдастыру әдістемесі.</p>					<p>жасауды; сабақта қолданылатын көрнекіліктерді жасауды; оқулықтарды талдауды, пікір айтуды меңгеруі керек;</p> <p>Күзиреттіліктер: : - оқу-тәрбие үдерісін <i>модельдей алады</i> және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға <i>дайын</i>;</p> <p>- балалардың әралуан әрекет түрлерін <i>ұйымдастыруға дайын</i>;</p> <p>- білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін <i>меңгерген</i>;</p> <p>- кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.</p>
8	Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі	Студенттерді бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі саласы бойынша жұмыс атқару барысында пайда болатын қиыншылықтар мен кедергілерді кәсіби тұрғыда шешуге қажетті білімдер мен біліктерін қалыптастыру. Қазіргі қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі туындап отырған	Дене мәдениеті теориясы мен технологиясының пәні. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дене тәрбиесінің негіздері. Бастауыш мектептегі дене	2	4	Физиология, анатомия, мектеп гигиенасы, педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы, педагогика, дене шынықтыру.	педагогикалық менеджмент, тәрбие жұмысының әдістемесі, педагогика тарихы.	Күтілетін нәтижелер: дене тәрбиесінің мәні мен мақсатын; дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру технологиясының ерекшеліктерін; кіші мектеп жасындағы оқушылардың қажетті дене қасиеттерін дамыту мен олардың өмірде маңызды қимыл-

		<p>әлеуметтік тапсырысқа сай бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби тұрғыдан дайындығының жоғары болуын қамтамасыз етумен бірге теориялық негіздерін үйрету.</p>	<p>тәрбиесін ұйымдастыру формалары. Дене тәрбиесін ұйымдастырудың сабақтан тыс формалары. Бастауыш мектепте негізгі қозғалыс дағдыларын оқыту технологиясы. Қимыл-қозғалыс ойындары -дене тәрбиесінің құралы. Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және оны өткізу.</p>					<p>қозғалыс дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруда оқу іс-әрекетінің қолайлы тәсілдерін тиімді таңдай білуі керек; Сабақты жоспарлау, өткізу және талдаумен байланысты дидактикалық біліктіліктерін, сонымен бірге дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін басқарудың әдістемелік тәсілдерін менгеруі керек. Құзыреттіліктер: - дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын <i>қолдана алады және</i> толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге <i>дайын</i>; - оқу-тәрбие үдерісін <i>модельдей алады</i> және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға <i>дайын</i>; - балалардың әралуан әрекет түрлерін <i>ұйымдастыруға дайын</i>; - кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелділік және қауыптіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын <i>қолдана алады</i>.</p>
Бастауыш мектепте дене	Студенттерді бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі	Дене мәдениеті теориясы мен	2	4	Педагогика, психология, жас	Бастауыш мектепте дене	Күтілетін нәтижелер: бастауыш мектепте дене	

	<p>тәрбиесінің теориясы мен технологиясы</p>	<p>саласы бойынша жұмыс атқару барысында пайда болатын қиыншылықтар мен кедергілерді кәсіби тұрғыда шешуге қажетті білімдер мен біліктерін қалыптастыру.</p>	<p>технологиясының пәні. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дене тәрбиесінің негіздері. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары. Дене тәрбиесін ұйымдастырудың сабақтан тыс формалары. Бастауыш мектепте негізгі қозғалыс дағдыларын оқыту технологиясы. Қимыл-қозғалыс ойындары -дене тәрбиесінің құралы. Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және оны өткізу.</p>			<p>ерекшелік педагогикасы, жас ерекшелік психологиясы, жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы.</p>	<p>тәрбиесін оқыту теориясы мен технологиясы, дене тәрбиесін оқыту әдістемесі</p>	<p>тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру технологиясының ерекшеліктері, әдістері, міндеттері және объектісі жайлы білімі болуы керек; Төменгі сынып жасындағы оқушылардың қажетті дене қасиеттерін дамыту және олардың өмірде маңызды қимыл-қозғалыс дағдылары мен біліктерін қалыптастыру. Сонымен қатар тәжірибелік ұсыныстардың дене тәрбиесі сабағының әдістерін, құралдары мен қағидаларын білуі керек; Сабақты жоспарлау, өткізу және сараптаумен байланысты дидактикалық біліктіліктерін, сонымен бірге дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін басқарудың әдістемелік тәсілдерін менгеруі тиіс; Қүзіретгіліктер: - дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын <i>қолдана алады және</i> толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге <i>дайын;</i> - оқу-тәрбие үдерісін <i>модельдей алады</i> және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға <i>дайын;</i></p>
--	--	--	--	--	--	---	---	---

								<p>- балалардың әралуан әрекет түрлерін ұйымдастыруға дайын;</p> <p>- кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелділік және қауыптіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын қолдана алады.</p>
--	--	--	--	--	--	--	--	---

3-курс 3 жылдық

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	Кр. саны	Сем.	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер
1	Шағын жинақты бастауыш мектепте педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиялары	Болашақ мұғалімдерде шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қажетті білім, білік, дағды және құзыреттіліктер қалыптастыру.	ШЖБМ-ғы педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы-оқу пәні және ғылым. ШЖБМ-да педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ғылыми негіздері. ШЖМ-тің сипаттамасы және ондағы біртұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ерекшеліктері. ШЖБМ-гі сабақтың жабдықталу ерекшеліктері және оқыту нәтижелерін	2	5	Қазіргі қазақ тілі, математика негіздері, қазақ тілін оқыту әдістемесі, педагогика.	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, оқу пәндерінен дидактикалық материалдарды дайындау технологиясы, риторика.	Күтілетін нәтижелер: шағын жинақты бастауыш мектептің мән-мағынасын, мақсаты мен міндеттерін, оқу-тәрбиелік үдерісті жоспарлау мен басқарудың ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін білуі тиіс; ШЖБМ жағдайында инновациялық технологияларды, оқытудың әдіс-тәсілдерін, құралдарын және формаларын дұрыс таңдай білуді; әртүрлі нұсқада топтастырылған шағын жинақты мектептің өзіндік ерекшеліктеріне қараай сабақ өткізуді және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды менгеруі керек;

			бақылау. ШЖБМ-да оқыту оқыту үдерісін ұйымдастыру. ШЖБМ оқушылары оқу әрекетінің ерекшеліктері және ондағы өзіндік жұмыстың рөлі. ШЖБМ-да қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды пайдалану. ШЖБМ- ауылдық жердегі мәдениет және тәрбие орталығы. ШЖБМ-да тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістері. ШЖБМ жағдайындағы сыныптан тыс жұмыстар.					Құзыреттілігі: Болашақ мұғалімдерде шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қажетті білім, білік, дағды және құзыреттіліктер қалыптастыру.
Қазіргі мектепті басқарудағы педменеджмент	Менеджменттің ғылым ретінде дамуы мен қалыптасуы. Педагогикалық менеджменттің ғылыми-әдіснамалық негіздері. Мектепшілік басқару жүйе ретінде. Менеджмент негізінде мектепті басқарудың заңдылықтары мен ұстанымдары. Педагогикалық менеджментті басқарудың функциялары. Басқарудың әдістері. Мектепті басқарудың ақпараттық технологиялары. Басқарудың	Педагогикалық менеджменттің ғылыми-әдіснамалық негіздері. Менеджмент негізінде мектепті басқарудың заңдылықтары мен ұстанымдары. Басқарудың стилдері. Мектепті басқарудың ақпараттық	2	5	Педагогика-2, Педагогика-3, Педагогика тарихы,	Білім беру жүйелерін басқару, Үздіксіз білім беру, Қосымша білім беру	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер: білуі қажет: - педагогикалық менеджменттің әдіснамалық негіздерін, - білім беру жүйелерін басқарудың функцияларын, - басқарудың технологиялары мен әдістерін. Біліктілігі: - білім беру мекемелерін басқарудың технологиялары мен әдістерін қолдану,	

		стильдері. Іс-әрекетті басқарудың мәдениеті мен этикасы. Маркетинг. Білім беру мекемелерінде әдістемелік жұмыс. Білім беру мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігі.	технологиялары					Құзыреттіліктері: - білім беру мекемелерін басқаруда әртүрлі іс-әрекеттерді жобалау мен ұйымдастыруға даярлығы, - білім беру мекемелерінде біртұтас педагогикалық үдерісті басқарудың жаңа әдістері мен технологияларын қолдануға даярлығы, - білім беру мекемелерінің әрекеттерін бағалауға қабілетті.
2	Риторика	Ресейдегі шешендік өнер үлгілері. Қазақ ұлттық шешендік өнерінің қалыптасып дамуы. Шешеннің сөйлеу мәдениеті. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы, сөйлеу тілі мен стиліне қойылатын негізгі талаптар. Әдеби теориялық ұғымдар. Көркем шығарманың көркемдегіш құралдары. Мазмұн және форма. Тақырып және идея. Композиция және сюжет. Көркем шығарма және көркемдік ойлау.	Шешендік өнер (риторика) ғылым, өнер әрі оқу пәні ретінде. Ұлттық шешендік өнер. Әлем халықтарының шешен сөйлуге баулу үлгілері мен тәжірибесі. Билер шешендігі. Ақын-жыраулар шешендігі. Греция – шешендік өнердің отаны. Ежелгі Римде риторикалық дәстүрдің дамуы. Орыс шешендік өнерінің үлгілері. Қазақтың шешендік өнерінің қалыптасу кезеңдері. Ауыз	2	5	балалар әдебиеті, кіші жастағы оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістемесі.	бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі, әдебиеттік оқу әдістемесі, қазіргі балалар әдеби үдерісі, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы.	Күтілетін нәтижелер: шешендік өнердің қалыптасу тарихын, сөйленген сөздің көркемдігін, әсерлілігін, бейнелігін, анықтылығын, айқындылығын, мақсатқа жеткен-жетпегендігін, шешендік сөздің түрлерін және олардың әрқайсысының мазмұнын беретін сөз қолданыс ерекшеліктерін білуі керек; шешендік өнердің жалпы адамзатқа, халық пен ұлтқа тән ерекше құбылыс екенін, дәстүрлі және қазіргі шешендік сөз үлгілерінің ерекшеліктерін, сондай-ақ дыбысталуының әдеби нормаларын, негізгі орфоэпиялық ережелерді меңгеруі тиіс. Құзіреттіліктер: риторика, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер

			<p>әдебиетіндегі шешендіктің үлгілері. Қазақ шешендік өнерінің түркі халықтарына ортақ мұралары. Билер шешендігі. Шешенге қойылатын талаптар. Ақын – жыраулар шешендігі. Қазіргі шешендіктің мазмұнына қарай түрлері, олардың ерекшеліктері. Шешен сөздің белгілері. Шешеннің сөйлеу мәдениеті. Шешендік өнерге баулу қағидалары. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы, сөйлеу тілі мен стиліне қойылатын негізгі талаптар. Сөйлеу техникасын қалыптастыру әдістері. Мәтінмен жұмыс жасау кезеңі. Қазақ балалар әдебиетіндегі</p>					<p>негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға қабілетті; - адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін меңгерген;</p>
--	--	--	--	--	--	--	--	---

			ертегі-поэмалар. Қазақ балалар әдебиетіндегі жұмбақ үлгілері.					
Білім берудегі ақпараттандыру	Білім берудегі ақпараттандыру қасиеттері, онымен жұмыс жасау тәсілдері, жеке алғанда компьютерді пайдалану туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; логикалық және алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және дамыту; келешектегі оқу әрекетінде компьютерді пайдалануға дайындау.	Информатика сабақтарын бағдарламалар мен қамтамасыз ету. дайын бағдарламалық өнімдері қолдану. информатикадан есептер. Компьютерлік желілер. Электрондық пошта. іздеу жүйелері. Интернеттегі іздеуді ұйымдастыру.	2	5	информатикадан практикум 1, информатикадан практикум 2	байқау сабақтарының практикасы, мамандандыру бойынша практика	Күтілетін нәтижелер: бастауыш сатыда информатикаға оқытудың мақсаты мен міндеттерін, басқа оқу пәндері арасындағы информатика курсының орнын; бастауыш мектепте информатиканы оқытуды ұйымдастырудың мүмкін формаларын; информатиканың бастауыш курсының негізгі мазмұндық бағыттары және олардың даму тенденциясын білуі керек; Бастауыш мектепте информатикаға оқытудың құралдарын; кіші жастағы мектеп оқушыларының жас ерекшелік, психология-педагогикалық ерекшеліктерін және оларға сәйкес келетін информатикаға оқытудың әдістері мен формаларының білігі болуы керек; «Ақпараттық технологиялар курсына» оқытып-үйретудің ғылыми-әдістемелік негіздерін; «Алгоритмдік курсқа» оқытып-үйретудің ғылыми-әдістемелік	

								негіздерін меңгеруі керек; күзiреттiлiктер: ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу дағдылары бар.
3	Кіші жастағы оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістемесі	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «кіші жастағы оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» пәнінен сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік мәдениетін дамыту.	Мәдениет ұғымына түсінік беру. Адам қарым-қатынасындағы сөз мәдениетінің рөлі. Сөз мәдениетінің қосалқы құралдары. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі. Тіл мәдениетінің негізгі сапалары. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы. Сөз мәдениеті мен шешендік өнер. Грамматикалық тәсілдерді пайдалану өрнегі	1	5	Қазіргі қазақ тілі, қазақ тілін оқыту әдістемесі, жас ерекшелік психологиясы, педагогика.	Қазіргі қазақ тілі, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, көркем мәтінге тілдік талдау әдістемесі.	Күтілетін нәтижелер: сөйлеу, жазу мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын теориялық материалдарды; орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды; тіл мәдениетінің негізгі сапаларын; ойды ауызекі және жазбаша жеткізудің баға жетпес құралы-халық ауыз әдебиеті үлгілері туралы білуі керек; Пікір айтуды; реферат жазуды; өз ойын конспектілеуді меңгеруі керек; Құзыреттілігі: сөз сөйлеу үлгісін, сөзді дұрыс қолдану нормасын білу; халықтың тіл қазынасын меңгерту, тілді өткір құрал ретінде ұстарта білу; әдеби тіл нормасы мен стильдік жүйелері туралы мәлімет беру; ана тілін жетік білу, ана тілінде таза сөйлеу, оқыту барысында шығармашылықпен жұмыс жүргізу жолдарын көрсету.
	Кіші жастағы	Оқушылардың бос уақытында	Курсқа кіріспе.	1	5	Педагогика,	Этнопедагогика,	Күтілетін нәтижелер: кіші

	оқушылардың бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастыру	музыкамен айналысуын ұйымдастырудың теориясынан студенттерге жүйелі білім беру, мәдени даму шараларын ұйымдастырудың жаңа озық үлгілерімен таныстыру және мәдени даму шаралары арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.	Мәдени тынығуды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Баланың мәдени-тынығуын ұйымдастырудың қағидалары. Ойын арқылы балалардың мәдени дамуын ұйымдастыру. Мерекелер мен ойын-сауықтар арқылы балалардың мәдени дамуын ұйымдастыру.			дидактика, тәрбие теориясы, балалар психологиясы, жас ерекшелік физиологиясы, аспаптық дайындық.	мектепке дейінгі ұйым аға тәрбиешісінің жұмысы, өзін-өзі тану, мәнерлеп оқу теориясы мен әдістемесі	жастағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың мазмұны мен жүйесін; тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың формалары мен жолдарын білуі керек; Кіші жастағы оқушылардың бос уақытын музыкамен айналысуына мүмкін ететін тәрбие жұмыстарын жоспарлауды және оларды өткізуді; сабақта қосымша жұмыс түрлерін ұйымдастыруды; пікір айтуды және реферат жазуды; әдістемелік папка жасауды меңгеруі керек; Құзыреттілігі: болашақ маманды бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мағлұматтармен қамтасыз ету; кіші жастағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың формасы мен ерекшеліктерін игерту; баланың мәдени дамуын мүмкін ететін тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жолдарын меңгерту.
4	Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы	Пәнді оқыту бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту тарихын кезең-кезеңге бөліп таныту. Әр кезең ерекшелігі, әдістемелік бағыттары, бастауыш сыныпта	Сауат ашу әдістемесі. Грамматиканы оқыту әдістемесі. Оқуға үйрету әдістемесі. Жазуға	2	5	бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен	әдебиеттік оқу әдістемесі, қазіргі балалар әдеби үдерісі.	Күтілетін нәтижелер: - бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихының кезеңдерін; -Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсыновтың,

	оқытылатын білім мазмұнын және оқыту жүйесін білдіру; оқу бағдарламалары мен оқулықтарының әр кезеңдегі өзгерістері, жетілдіріп жаңарту жайы; қазіргі кезеңдегі әдістемелік еңбектерге шолу. Оқу бағдарламалары мен әдістемелік еңбектерге өз пікірлерін айтуға, рецензия жасауға үйретуді көздейді.	үйрету әдістемесі. Тіл дамыту әдістемесі.			технологиясы.		<p>Ғ.Бегалиевтің, Ш.Сарыбаевтың, С.Жиенбаевтің әдістемелік еңбектерін;</p> <p>-1953-1984 жылдар аралығындағы бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуға байланысты жазылған әдістемелік еңбектерді;</p> <p>- 1984 жылдан қазіргі кезге дейінгі әдістемелік еңбектерді;</p> <p>- әр кезеңдегі оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы өзгерістерді білуі тиіс.</p> <p>- Әдістемелік еңбектерге өз пікірлерін айтуды, рецензия жазуды;</p> <p>- әдістемелік еңбектерді өзара салыстырып, жетістігі мен кемшілігін айта білуді меңгеруі керек.</p> <p>Қүзіреттіліктер: бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін оқытуда бастауыш тілдік білімнің теориялық негіздері мен технологиясын меңгерген;</p>
Әлеуметтік педагогика	Әлеуметтік педагогиканың пәні мен міндеттері. Әлеуметтік педагогиканың дамуы және қалыптасуы. Әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық негіздері. Әлеуметтік педагогиканың ұстанымдары. Әлеуметтік педагогиканың негізгі категориялары. Әлеуметтік педагогиканың басқа	Әлеуметтік педагогиканың дамуы және қалыптасуы. Әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық негіздері. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық	2	5	Педагогика-2, Педагогика-3, Қазақстанда педагогика ғылымының дамуы	Салыстырмалы педагогика	<p>Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:</p> <p>білуі қажет:</p> <p>- әлеуметтік педагогиканың мәнін, мазмұнын, маңыздылығын,</p> <p>-әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық негіздерін,</p> <p>- тұлғаны әлеуметтендірудің амалдарын,</p> <p>- девиантты мінез-құлықты</p>

		ғылымдармен байланысы. Баланың социумда дамуы. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. Ата-аналардың қамқорлығынан айрылған балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. Девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	жұмыс. Ата-аналардың қамқорлығынан айрылған балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс.					балалардың отбасымен әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің ерекшеліктерін. Біліктілігі: -тұлғаның қоғамда бейімделуі мен әлеуметтендіруінің әртүрлі факторларын талдау, -түрлі деңгейдегі балалардың әлеуметтік-педагогикалық әрекетінің мазмұнын жобалау, -отбасы және әлеуметтік педагогтың әрекеттесу мәселелерін өзектілеу. Қызыреттіліктері: - әлеуметтік-педагогикалық әрекетті жүзеге асыруға даярлығы, - әлеуметтік-педагогикалық және білім беру мекемелерінде әлеуметтік-педагогикалық әрекетті жобалауға қабілетті.
5	Бастауыш мектеп оқу пәндерінен дидактикалық материалдар дайындау әдістемесі (қазақ (орыс) тілі, математика, дүниетану	Сабақтың сапалы өтуіне қажетті дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерді жасай білуге және оларды сабақта тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдерін үйрету.	Дидактикалық материалдар және олардың түрлері. Сауат ашу кезеңінде қолданылатын дидактикалық материалдар және оларды пайдалану ерекшеліктері. Оқу сабағында қолданылатын көрнекі құралдар, оларды дайындауға және пайдалануға қойылатын	2	5	Жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы, жас ерекшелік психологиясы, дидактика, тәрбие теориясы, қазақ тілін оқыту әдістемесі, математиканы оқыту әдістемесі, бастауыш мектепте дүниетануды оқыту теориясы мен әдістемесі.	Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихы, бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі тарихы, жазуға үйрету әдістемесі, қазақ балалар әдебиеті.	Күтілетін нәтижелер: дидактикалық материал және оның түрлерін; дидактикалық материалдарды сабақта пайдалану әдіс-тәсілдерін; «математика», «дүниетану», «қазақ тілі» пәндеріне дидактикалық материалдарды дайындаудың ерекшеліктерін; мұғалімнің сөзі мен көрнекілікті ұштастырудың дидактикалық негіздерін; техникалық құралдардың

			талаптар. Оқу сабағында қолданылатын техникалық құралдар және оларды пайдалану ерекшеліктері. Грамматика сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар. Математика сабақтарының дидактикалық материалдары бейнелеу құралдары және оларды әзірлеу. Дүниетану сабақтарының бейнелеу құралдары және оларды әзірлеу					түрлерін білуі тиіс. Дидактикалық материалдарды дайындау және сабақта тиімді пайдалану әдіс-тәсілдерін; сюжетті, жеке суреттермен және сызбамен жұмыс істеу ерекшеліктерін; грамматикалық кестелермен жұмыс істеу технологиясын; үлестірмелі қағазбен жұмыс істеуді; техникалық құралдармен жұмыс істеуді; сабақ беру әдіс-тәсілдерін; сабақта қосымша жұмыс түрлерін (дидактикалық материалдар, ойындар, ребустар т.б.) жүргізуді; сабақты талдауды; әдістемелік папка жасауды; оқулық және оқу-әдістемелік кешенге пікір айтуды меңгеруі керек. Құзыреттілігі: дидактикалық материалдардың және көрнекіліктің түрлерімен таныстыру; дидактикалық материалдарды сабақта қолданудың жолдарын таңдап алу.
Көркем жазу	Студенттерді бастауыш сынып оқушыларын жазуға үйретудің қазіргі әдістемесімен қаруландыру.	«Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің мақсат, міндеттері. Жазуға үйрету тарихы. Қазіргі қазақ алфавиті. Жазу және оның түрлері. Бірінші сынып	2	5	Аталған курсты оқып-үйрену үшін студенттің қазіргі қазақ тілі, бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту технологиясы курстарынан жеткілікті білімі	Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, мәтінді тілдік талдау әдістемесі, қазақ тілінен дидактикалық материалдарды	«Жазуға үйрету әдістемесі» курсы бойынша студенттің 1-сынып оқушыларында графикалық-каллиграфиялық дағдыны қалыптастыру заңдылықтары; графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру	

			оқушыларының графикалық – каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастырудың психологиялық – физиологиялық ерекшеліктері. Оқушыларды жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері. Графикалық және каллиграфиялық қателер және оларды болдырмау жолдары. Грамматикалық тәсілдерді пайдалану өрнегі.			болуы қажет.	дайындау технологиясы, жазуға үйрету технологиясы	әдістемесі; графикалық-каллиграфиялық қателердің болу себебі мен оларды болдырмау тәсілдері туралы білімі болуы керек ; алған теориялық білімін практикада қолдана алу біліктілігі болуы керек ; студенттің өзінің дұрыс каллиграфиялық жазу дағдысы болуы тиіс . Күзіреттіліктер: ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты жеткізетін, қазақ тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;
6	Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы	Курс студенттерді бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің дамуы және негізгі кезеңдерінің қалыптасуымен таныстырады. Студенттер бастауыш мектепте математика курсының мазмұны мен ерекшеліктерін білуі керек.	Әдістемелік-математикалық ғылымның бұлақ бастаулары. Қазақстандағы әдістемелік-математикалық ғылымның қалыптасуы. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесінің 1930-60 жылдарындағы дамуы. 1960-90 ж.ж. кезеңіндегі бастауыш мектепте математиканы	2	5	математика негіздері, математика әдістемесі.	бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы, бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы.	Күтілетін нәтижелер: курстың объектісі, пәні, міндеттері мен зерттеу әдістері жайлы түсініктері болуы тиіс; - бастауыш математикалық білім беру ісінің ежелгі замандардағы жайы, математиканы оқыту әдістемесінің дамуының негізгі кезеңдері мен озық әдістемелік-математикалық ой-пікірлерге сипаттама бере алуға; бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің пайда болуындағы алғашқы қадамдар жайлы түсініктерін білуі керек ;

			оқытудың әдістемесі.					<p>қазақстандағы әдістемелік – математикалық ғылымның қалыптасуы; бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесінің 1930-1960 жылдарындағы дамуы; 1960-90 ж.ж. кезеңіндегі бастауыш мектепте математиканы оқытудың әдістемесі; бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің жақын және алыс шетелдерде дамуының қазіргі жағдайы туралы меңгеруі тиіс.</p> <p>Қүзіреттіліктер: бастауыш математикалық білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады; кіші мектеп жасындағы оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін қолдануға дайын; математикаға қызығушылығын қалыптастыру және математикалық білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәсілдерін игерген;</p>
Жазуға үйрету әдістемесі	Студенттерді бастауыш сынып оқушыларын жазуға үйретудің қазіргі әдістемесімен қаруландыру.	«Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің мақсат, міндеттері. Жазуға үйрету тарихы.	2	5	Аталған курсты оқып-үйрену үшін студенттің қазіргі қазақ тілі, бастауыш сыныптарда қазақ	Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, мәтінді тілдік талдау	«Жазуға үйрету әдістемесі» курсы бойынша студенттің 1-сынып оқушыларында графикалық-каллиграфиялық дағдыны	

			Қазіргі қазақ алфавиті. Жазу және оның түрлері. Бірінші сынып оқушыларының графикалық – каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастырудың психологиялық – физиологиялық ерекшеліктері. Оқушыларды жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері. Графикалық және каллиграфиялық кателер және оларды болдырмау жолдары. Грамматикалық тәсілдерді пайдалану өрнегі.			тілін оқыту технологиясы курстарынан жеткілікті білімі болуы қажет.	әдістеемсі, қазақ тілінен дидактикалық материалдарды дайындау технологиясы, жазуға үйрету технологиясы	қалыптастыру заңдылықтары; графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру әдістемесі; графикалық-каллиграфиялық кателердің болу себебі мен оларды болдырмау тәсілдері туралы білімі болуы керек ; алған теориялық білімін практикада қолдана алу біліктілігі болуы керек ; студенттің өзінің дұрыс каллиграфиялық жазу дағдысы болуы тиіс. Қүзіреттіліктер: ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты жеткізетін, қазақ тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;
7	ШЖБМ-те математиканы оқыту әдістемесі	Болашақ мұғалімдерге шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында математиканы оқыту үдерісін ұйымдастыруға қажетті, білім, білік және дағдылар қалыптастыру. Шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында іс-әрекетке қажетті біліктер қалыптастыру. Пәнді оқытып үйрету барысында шағын жинақты бастауыш мектептің мән-мағынасы, оның ерекшелігі, мақсаты мен міндеттері, оқу үдерісін ұйымдастыру жайында	Шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту технологиясы оқу пәні ретінде. Шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Шағын комплектілі бастауыш мектеп	2	5	тәрбие теориясы, дидактика, кіші мектеп жасындағы оқушы физиологиясы және мектеп гигиенасы, кіші мектеп жасындағы оқушы даму психологиясы.	қызықты математика, бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы.	Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқытып үйрету барысында шағын жинақты бастауыш мектептің мән-мағынасы, оның ерекшелігі, мақсаты мен міндеттері, оқу үдерісін ұйымдастыру жайында теориялық білімдері болуы тиіс . Пәнді оқытып-үйрету барысында алынатын негізгі біліктер: - оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыратын сабақ және өзіндік жұмыстарды

		<p>теориялық білімдері болуы тиіс. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыратын сабақ және өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың дидактикалық әдіс-тәсілдерін білуі, жалпыдидактикалық әдіс-тәсілдерді, құралдарды және оқыту формаларын дұрыс таңдай білуі тиіс; әр түрлі нұсқада топтастырылған сабақты жоспарлай, өткізе және оларды талдай білулері тиіс.</p>	<p>оқушыларының математикалық білім, білік және дағдыларын меңгеру барысын ұйымдастыру.</p>					<p>ұйымдастырудың дидактикалық әдіс-тәсілдерін білуі, жалпыдидактикалық әдіс-тәсілдерді, құралдарды және оқыту формаларын дұрыс таңдай білуі тиіс. Алынатын дағдылар: - әр түрлі нұсқада топтастырылған сабақ кестесін және күнтізбелік жоспарларды дайындай және талдай білулері тиіс. - әр түрлі нұсқада топтастырылған сабақты жоспарлай, өткізе және оларды талдай білулері тиіс. Құзыреттіліктер: ШЖБМ-тегі математика сабағының ерекшеліктері мен олардың түрлері, ұйымдастыру әдістемесі жайлы түсінігі бар; ШЖБМ-тегі оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау, есепке алу және бағадау жайлы білімді игерген; ШЖБМ жағдайында оқушылардың математикадан өзіндік жұмыстарын ұйымдастыра және басқара алады; ШЖБМ-тегі математика сабағының түрлерін біледі; ШЖБМ-тегі біріктірілген сыныптарға арналған әр түрлі нұсқадағы математика сабағы мен сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын</p>
--	--	---	---	--	--	--	--	--

								дайындап, оны өткізе және талдай алады.
Математика сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулудың әдістемесі	Пән зерттеушілік, ізденушілік іс-әрекетке бейімділігін дамыту, оқыту мен тәрбиелеудің практикалық міндеттеріне жүзеге асыру үшін зерттеу әдістерін қолдану іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру; математиканың теориясы және технологиясының көкейкесті сұрақтары бойынша студенттердің білімін тереңдету және кеңейту мәселелерді қарастырады.	Математикалық ұғымдарды және әрекет тәсілдерін оқытып-үйрету әдістемесі. Математиканы оқыту үдерісін және білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру. Математиканы оқытудың білімдік және құзыреттілік нәтижелерін тексеру мен бағалау. Қазіргі математика сабақтарының типтері, түрлері және құрылымы. Математикадан сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс.	2	5	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, педагогика, психология және адам дамуы, жас ерекшелік физиологиясы, математика негіздері, бастауыш білім берудің қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары	ШЖБМ-те математиканы оқыту әдістемесі, математикадан көрнекі құралдарды дайындау технологиясы, бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы, сабақ беріп көру практикасы, өндірістік практика	<p>Күтілетін нәтижелер: кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытуды ұйымдастырудағы білім, білік және дағдыларды біріктіретін пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру білігі болуы керек; Кәсіби іс-әрекетке қажет болатын кіріктірілген құзыреттіліктерді қалыптастыру білімі болуы керек; Бастауыш мектеп математикасының әдістемесі бойынша курс және диплом жұмыстарын орындауға қажет болатын қарапайым зерттеу біліктерін менгеруі керек; Құзіреттіліктер: бастауыш математикалық білімнің теориялық неіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады; кіші мектеп жасындағы оқушылардың пәндік біліктері мен дағдылларын қалыптастыруға, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін қолдануға дайын; математикаға қызығушылығын және математикалық білімдерін күнделікті өміре қолдану</p>	

								тәсілдерін игерген;
8	Педагогика тарихы	Отандық педагогика тарихы ғылымы туралы студенттердің біртұтас түсінігін қалыптастыру; Қазақстанның педагогика тарихы ғылымының өткені, қазіргі және болашағының сабақтастығын көре білу қабілетін дамыту. Халық ағарту ісіндегі педагогикалық идеялар мен, педагогикалық әдебиеттермен кең, жан-жақты қаруландыру	Педагогика тарихы пәнінің мәнін, мазмұнын ашу. Шетел мектептерінің ерекшеліктерін, даму бағытын меңгеру. 1917 жылға дейінгі қазақ жерінде мектеп пен педагогикалық ой-пікірлерді оқып үйрену Кеңес үкіметі кезеңіндегі мектеп пен педагогикалық ой-пікірлерді меңгеру Қазақстандағы оқу – тәрбие мекемелерінің бағдарларын әдебиеттерді зерттеу арқылы меңгеру	2	5	Педагогика-1, Педагогика-2. Педагогика тарихы	ҚР педагог-психолог кадрларды даярлау жүйесі, Қазіргі білім беру технологиялары	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер: білуі қажет: - Педагогика тарихы пәнінің қалыптасуы мен дамуын, - Педагогика тарихы ғылымының даму кезеңдерін. - Педагогика ғылымының дамуына ықпал еткен ұлы ойшылар мен ағартушы ғалымдардың педагогикалық көзқарастарын. Біліктілігі: -өткен ғасырдағы қол жеткен озық педагогикалық тәжірибелерді қолдану, -болашақта өткен дәуірлерде алдыңғы қатарлы педагогтардың идеяларын талдау. -көрнекті ойшылдардың оқу-тәрбие мәселесінде ұсынған бағалы педагогикалық идеяларын тәжірибеде қолдану Құзыреттіліктері: -өткен ғасырларда педагогтардың, көрнекті ойшылдардың оқу-тәрбие мәселесіне ұсынған педагогикалық көзқарастарын педагогикалық үдерісте қолдану қабілеттілігі.
	Бастауыш сыныптарда қазақ тілінен	Сыныптан тыс оқуды ұйымдастырудың білімдік те, тәрбиелік те мәні зор. Қазақ	Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін	2	5	Қазіргі қазақ тілі, қазақ тілін оқыту әдістемесі, жас	Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту	Күтілетін нәтижелер: сыныптан тыс оқу туралы жазылған теориялық және

	сыныптан тыс сабақтарды дайындау мен жүргізудің теориясы мен практикасы	тілін оқыту және қазақ тіліне байланысты сыныптан тыс жұмыстардың оқушы тілінің ауызша дамуына тигізетін әсерін анықтау, оны тиімді түрде өткізе білу жолдарын меңгеру.	сыныпта тыс жұмыстар. Сыныптан тыс оқуға байланысты жазылған теориялық және әдістемелік еңбектерге шолу. Сыныптан тыс оқудың білімділік, дамытушылық және тәрбиелік мәні. Сыныптан тыс оқудың ұйымдастыру формалары мен әдістері, принциптері. 1-4 сыныптарда сыныптан тыс оқуды жүргізу. Сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру әдіс-тәсілдері.			ерекшелік психологиясы, педагогика	әдістемесінің тарихы, жазуға үйрету әдістемесі, балалар әдебиеті, шешендік өнерге баулу	әдістемелік еңбектермен таныстыру; қазақ тілінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін зерттеу; қазақ тілін бастауыш мектепте халықтық педагогиканы үйретуде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері мен мазмұнын білуі керек ; Сыныптан тыс жұмыстарда қазақ тілін үйретуде, тілді дамытуда атқаратын қызметін анықтау; сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу әдістеесін белгілеу; сыныптан тыс жұмыстардың тілді үйренуге қызығушылығын арттыруын дәлелдеу; тілді үйрету үшін қызықты ойындардың түрлерін таңдау, оны ғылыми тұрғыда меңгеруі керек ; Күзіретіліктер: бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін оқытуда бастауыш тілдік білімнің теориялық негіздері мен технологиясын меңгерген;
9	Информатикадан практикум-3	Болашақ мұғалімдерде бастауыш мектепте информатиканы оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті практикалық білік және дағдыларын қалыптастыру; кіші жастағы мектеп оқушыларына информатиканы оқыту үрдісін	Информатика сабақтарының бағдарламалармен қамтылуы. Информатикадан есептер. Internet желісі	2	5	информатикадан практикум 1, информатикадан практикум 2	байқау сабақтарының практикасы, мамандандыру бойынша практика	Күтілетін нәтижелер: бастауыш сыныптарда информатиканы оқытуда пайдаланылатын есептердің негізгі түрлерін; Интернетте жұмыс жасаудың негізгі мүмкіндіктерін білуі тиіс . есептердің әр түрін шешу,

		<p>ұйымдастырумен байланысты кәсіби білікті қалыптастыру; Оқушылардың ақпараттық мәдениетін және алгоритмдік ойлауын қалыптастырудың барысы мен оның нәтижелерін зерттеу. Бастауыш сыныптардың оқу үдерісінде бағдарламаларды пайдалана білуі керек; бастауыш мектепте информатиканы оқытудың компьютерлік технологияларын меңгеруі керек.</p> <p>«Информатикадан практикум-3» кіші жастағы мектеп оқушыларына информатиканы оқыту барысын ұйымдастырумен байланысты кәсіби білім мен біліктер қалыптастыру; -оқушылардың ақпараттық мәдениетін және алгоритмдік ойлауын қалыптастырудың барысы мен оның нәтижелерін зерттеу.</p>						<p>талдау, құрастыру; Интернетте жұмыс жасаудың мүмкіндіктерін пайдалану білігі болуы тиіс. информатикадан (әр түрін) есептерді шешуге үйрету әдістемесін; ақпараттарды іздеу, сақтау, өндеу, ұсыну мүмкіндіктерін меңгеруі тиіс. бүкіл әлемдік Интернет желісі туралы білімдерін қолдануға қабілетті; мұғалімнің жұмысына Интернет мүмкіндіктерін пайдалану қабілетті болу кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуына бағытталған. информатикадан әр түрлі есептерді шешу әдістемесі туралы білімдерін қолдануға қабілетті пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.</p>
10	Музыкадан практикум-3	Аталған курс студенттердің домбыра, фортепиано аспаптарында орындаушылық білім мен дағдысын, ұлттық және әлемдік музыканың озық үлгілерін орындай білу, оларға шығармашылық өңдеу жасай білу, бастауыш мектептің «Музыка» бағдарламасындағы музыкалық шығармаларды орындап, оқушыларға үйрету	Қазақстандағы музыкалық білім. Музыка пәні мұғалімінің негізгі практикалық жұмыстары. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай музыкалық дамуы.	2	5	хормен ән айту тәрбиесі, музыка өнері теориясы мен әдістемесі, кіші жастағы оқушылардың бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастыру, музыка өнері	байқау сабақтарының практикасы, мамандандыру бойынша практика, өндірістік практика.	Күтілетін нәтижелер: музыка өнерінің әлеуметтік-мәдени функцияларының мазмұнын, оқушыларғы көркемдік, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру жүйесіндегі музыкалық білім берудің орны мен рөлін; музыкалық білім берудің мақсатын, міндеттерін, принциптерін,

		дағдысын бағытталған.	қалыптастыру			теориясы мен әдістемесі.		<p>элементтерін, мазмұны мен әдістерін; өнер сабағы ретіндегі музыка сабағының ерекшеліктерін; өнер педагогикасының негіздерін; қазіргі заманғы музыка пәні мұғалімінің жеке тұлғасына қойылатын талаптарды; кәсіби іс-әрекеттегі педагог-музыканттың өзін-өзі жетілдіруінің теориялық негіздерін; оқушыларға сыныптан тыс музыкалық білім берудің мазмұнын білуі керек; меңгерген білімдерін тәжірибе жүзінде шығармашылықпен қолдануды; музыканы оқыту теориясының мазмұнында еркін бағдарлауды; аталған курстың мазмұнындағы алуан түрлі элементтер мен басқа пәндердің арасындағы байланысты қалыптастыруды; өзіндік ізденісті, музыканы оқытудың теориясы бойынша білімді біріктіру және талдауды жүзеге асыруды меңгеруі керек.</p> <p>Құзіреттіліктер: кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен</p>
--	--	-----------------------	--------------	--	--	--------------------------	--	---

								практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.
11	Шет тілінен практикум-3	Пәнді оқыту жоғары оқу орны бағдарламасы бойынша дайындықпен келген тіл үйренушілердің білімін қалпына келтіру және тілдің барлық аспектілері бойынша білімді, соның ішінде лексиканы қолдануда, барлық сөз әрекеттерінің практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын, әсіресе қарым-қатынас жасау аясында сөйлеу дағдылары мен білгірлікті жетілдіру; шетел тілін практика жүзінде меңгеру қабілеттерін қалыптастыру және мәтіндерді оқуда оқып отырған тілдің стиліне тән негізгі грамматикалық құбылыстарды әрі қарай тереңдете оқыту.	student's life. teacher's profession. business correspondence. applying for a job. meeting people. at the airport flying to new york.. sports in great britain. good teachers - bad teachers. history's most extraordinary person. bigots get publicity. how to keep fit. reading wisely. much ado about a haircut. cheating. art in the experience of young children.	2	5	шет тілі, ағылшын тілін оқыту әдістемесі	байқау сабақтарының практикасы, мамандандыру практикасы.	Күтілетін нәтижелер: - монолог сөз түрлерін меңгеруді; - диалог сөздің (мәлімет, пікір алысу) түрлеріне, қарым-қатынас ниеттерін іске асыру және серіктерінің айтқан пікірлеріне жауап қайтаруды; - тіл өкілінің орындалуындағы таспадағы жазбаны, мұғалімдер мен студенттердің сөзін тындап түсінуді; - студенттер шетел тіліндегі қысқа көлемді, жеңіл түпнұсқадағы мәтіннің оқу техникасын меңгеруді; сауатты жазудың графикалық, пунктуациялық, орфографиялық дағдылары мен іскерліктерін меңгере білуі керек; - ағылшын және қазақ тілдері грамматикалық ерекшеліктерімен ұқсастықтарын салыстыра талдай алуы тиіс. - ағылшын және қазақ тіліндегі кейбір дыбыстардың артикуляциясындағы ерекшеліктерін айыра білуі, оларды дұрыс айтуы және сауатты оқуы тиіс.

								<p>- ағылшын тіліндегі сөздерді, сөз тіркестерін сөйлеу тілде дұрыс мағынасында қолдануды меңгеруі керек.</p> <p>Күзіреттіліктер: ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты <i>жеткізетін</i>, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын <i>игерген</i>;</p> <p>- шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін <i>қолданады</i>;</p>
--	--	--	--	--	--	--	--	--

3-курс 4 жылдық

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	Кр. саны	Сем.	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер
1	Бастауыш білім берудің қазіргі педагогикалық технологиялары	Болашақ педагогтарға қазіргі заман педагогикалық технологиялары жөнінде білім беру болып табылады.	Білім беру жүйесіндегі қазіргі технологияның теориялық негіздері. Жана педагогикалық технология түрлері. Оқу-тәрбие үдерісінде жана технологияны ендіру.	2	6	Педагогика, дидактика, жас ерекшелік психологиясы.	Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы, математикадан дидактикалық материалдар дайындау технологиясы	Күтілетін нәтижелер: курстың объектісі, пәні мен міндеттері, зерттеу әдістері жайлы түсініктері болуы тиіс ; математиканы оқыту барысында қолдануға болатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларға сипаттама жасап, талдай білулері тиіс ; қазіргі заманғы инновациялық технологиялар мен идеялар

								жөнінде өзіндік бағыт бағдары болуы тиіс; белгілі бір педагогикалық үдерісті менгеруі тиіс. Күзіреттіліктер: бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқырмандығын қалыптастыруда бастауыш әдебиеттік білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады;
	Балалар мектепке дайын анықтаудың психологиясы мен әдістемесі	Курс болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін шындауды, қазіргі диагностикалық мәселелердің теориялық негізімен қаруландыруды, оқу-тәрбие үдерісінде қаланған білімдерін қолдану іскерліктері мен дағдысын қалыптастыруды көздейді және кіші сынып оқушыларының танымдық сферасын диагностикалаудың негізгі теориялық-әдістемелік тәсілдерімен қаруландыруды көздейді.	Ақыл-ойының даярлығы. Биологиялық кемелденуі. Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы. Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы.	2	6	Жалпы психология, кіші мектеп жасындағы оқушы физиологиясы және мектеп гигиенасы	Кіші мектеп жасындағы оқушы даму психологиясы	Күтілетін нәтижелер: психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін білуі керек; әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын менгеруі тиіс; Баланы мектепке дайындауда анықтаудың психологиясы мен әдістемесін қолдануға қабілетті; баланы мектепке дайындауда анықтаудың психологиясы мен әдістемелік қабілеттілік сияқты құзыреттіліктерге ие.
